

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№110 (9172) | 1953 жылғы 3 июнь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Ерте жыртылған пар—егін шығымдылығын арттырудың басты шарты

Бүкіл егіс көлемінен мол және тұрақты өнім алуға бағытталған агротехникалық шаралар комплексінің ішінде ерте жыртылған таза пар ерекше зор роль атқарады. Мезгілінде жыртылып, дұрыс бапталып, жұмысталған пар егістік жерлерге шығатын арам шөптерге қарсы күрестің күшті құралы болып табылады. Мұнымен бірге, ол егістік алаңға ылғал жыйнап, сақтауға, оның құнарғын арттыруға қолайлы жағдай жасайды.

Парды мезгілінде және сапалы жыртылғанда жылы көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтап, мол өнімнің берік негізін қалауға мүмкіндік береді. Мұны облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының тәжірибесінен жылма-жыл көріп отырмыз. Озат шаруашылықтар пар мен зябты жыл сайын мол дайындап, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеге өткізуге, егінінен тұрақты мол өнім алуға жетісіп жүр. Мысалы, Торангүл совхозында өткен жылы быйылғы көктемгі егіске пар мен зябты мол дайындаған еді. Мұның нәтижесінде совхоз коллективі егіс жұмыстарында айтарлықтай табыстарға ие болды. Көктемгі егіс агротехникалық қолайлы мерзімде және сапалы аяқталды. Совхозда егіс жұмыстарында барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға бағытталған прогрестік әдістер кеңінен қолданылды. Мұнда дөңді дақылдардың дәні тарқатарлы және торғысалы әдістермен себілді. Партияның XIX съезінің дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қарарларымен жігерленген совхоз егіншілері мұнымен тынбай, келесі жылғы егістің қамын да жете ойластыруда. Егісті аяқтасумен мұнда тракторлар түпелдей пар жыртылуға қосылды. Кәзір совхозда пар жыртыу ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Жалғыз бұл ғана емес, пар жыртыу және оны күтіп-баптау жұмыстары Чистов, Қызыл совхоздарында, сол сияқты, Совет ауданындағы Баганович атындағы, Прес-

колхоздарында кәзір егіс жұмыстарының төзгісіз ұзаққа созылуына, егіс жоспарының тағайындалған мерзімде орындалмауына әкеліп соғып отыр. Бұл аудандардың басшылары бұдан тиісті қорытынды шығарып, ерте таза пар жыртыуды тыңғылықты ұйымдастыруға тиіс еді. Бірақ, істің кәзіргі жайы басқаша болып отыр. Аталған аудандардың колхоздары мен МТС-тері пар жыртыуға әлі күнге кіріспеген, мұндай маңызды науқанға күш-мүмкіншілік мүлде бөлінбеген.

Октябрь, Ленин аудандарында пар жыртыуды кәзірден бастап қызу жүргізуге мүмкіншілік жоқ па? Бұған қажетті күш-мүмкіншілік мұнда жеткілікті. Бірақ, ол іске тиімді пайдаланылмай келеді. Бұған аталған аудандардың басшылары тікелей кінәлі. Өйткені, олар қажетті техниканы, күш-көлікті жеткілікті бөліп, пар жыртыуды мезгілінде қолға алып, тыңғылықты жүргізуді МТС, колхоз басшыларынан және ауылшаруашылық орындарынан талап етпейді, әрбір колхозда пар жыртыу жоспарын агротехникалық қолайлы мерзімде және сапалы орындау жөнінде тиісті шаралар қолданбайды.

Мезгілінде жыртылып, сапалы бапталып-күтілген пар келесі жылы егінің барлық көлемінен мол өнім алудың негізі дедік. Кәзір пар жыртыудың ең қолайлы мерзімі туды. Сондықтан әрбір колхоз бен МТС-те пар жыртыуға күш-мүмкіншілік мол бөлініп, бұл жөніндегі жоспар толық орындалуға тиіс. Әрбір колхоз бен совхозға, әрбір трактор және егіс бригадасына пар жыртыу жөніндегі тапсырманы дұрыс бөліп, оның орындалуын қамтамасыз ету—ауылшаруашылық орындарының басты міндеті болып табылады.

Пар жыртыу жоспарын агротехникалық қолайлы мерзімде толық орындау үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, әрбір тракторшының, плугшінің сменалық тапсырманы толық орындауына жетісу қажет. Бұл үшін пар жыртыуда трактор және егіс бригадаларында еңбек ұйымдастыру ісін жан-жақты жетілдіру бұл міндетті

## Қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасайық!

### Кемшіліктер қайталанған жерде

Өткен жылы Октябрь ауданының Ленин атындағы, «Смычка», «Дружина» колхоздарында шөп шабуға дайындық өз дәрежесінде болмады. Оларда шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды және басқа да құрал-саймандарды жөндеу ұзаққа созылды. Сөйтін, көптеген шөп машиналары маусым бойына жұмысқа қосылмады. Ал, осындай төзгісіз жағдайға колхоз басшылары да көңіл аудармады, жете мән бермеді. Осының салдарынан аталған колхоздарда қоғамдық малға жемшөп дайындаудың жоспары орындалмады. Дайындалған жемшөп қыс ортасы болмай-ақ таусылды. Ақыры бұл колхоздар қыстың нағыз суық айларында жемшөпті көрші колхоздардан сатып алуға мәжбүр болды.

Жемшөптің мұндай тапшы болуы колхоздардың мал қыстатуды үлкен қиыншылықпен өткізулеріне әкеліп соқты. Оларда түліктің қайсысы болса да қыстап қоныс шықты. Тіпті фермаларда мал басының шығынға ұшырау фактілері де кездесті. Сол сияқты, қоғамдық малдан алынатын өнім мөлшері де бұрынғыдан әлде қайда төмендеп кетті. Мәселен, қыстың күндері әр сауын сыйырап күніне небары 3—4 литр ғана сүт сауылды.

Колхоз басшылары өткен жылдың мұндай кемшіліктерінен быйыл тиісті қорытынды шығарып, мал азығының берік қорын жасауды толық қамтамасыз етулері керек еді. Амал не, істің жайы ойлағандай болмай отыр. Аталған колхоздарда нақ былтырғы кемшіліктердің быйыл қайталаншып отыруы да, міне осының салдары.

Қоғамдық мал азығының берік қорын жасауды ерте ескерген облысымыздың ал-

дыңғы қатарлы колхоздары жемшөп дайындауға әзірлік жұмыстарын мерзімінде аяқтап, шөп шабуды қызу жүргізуде. Ленин атындағы, «Смычка», «Дружина» колхоздарында жұмысты осылай істеуге болатын ба еді? Әрине, болатын еді. Оларда бұл үшін күш-мүмкіншілік те толық жеткілікті еді. Бірақ, сол күш-мүмкіншілікті колхоз басшылары дұрыс пайдалана білмей келеді. Олар әлі күнге «шөп шабуға уақыт жетеді» деген зыянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүр. Шөп шабуға әзірліктегі сылбырлықтың негізгі себебі де осындай жайбарақаттықтан туып отыр. Мәселен, Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде шөп шабуға әзірлік жұмыстары осы уақытқа дейін шындап қолға да алынбаған. Мұндағы ұста дүкендері шөп шабатын ат машиналары мен басқа құрал-саймандарды жөндеуге қажетті бөлшектермен толық қамтамасыз етілмеген. Керек десе, онда тәжірибесі бар ұсталар жоқтың қасы. Жөндеу жұмысына маман ұсталар бөлінбегендіктен қолға бар шөп шабатын 8 ат машинасы мен 6 ат тырнаушының бірде-бірі жөнделіп бітпеген.

Жоспар—табыс кілті. Өнеркәсіпте болсын, ауыл шаруашылығында болсын алдын ала жасалынған жұмыс жоспары еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, демек, оны табысты атқаруға көмектеседі. Бұл колхоздардың көп жылғы тәжірибесінен айқын көрініп келеді. Ленин атындағы колхоздың басшылары бұл қариданы да мұладе естен шығарған. Мұнда дәл бүгінге дейін шөп шабу мен оны жыйнаудың жоспары жасалынбаған. Өндіріс бригадалары

### ҚЫС ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛАУ КЕРЕК

Ленин ауданының «Орталық» колхозында қоғамдық мал қыстап жүдеп шықты. Мал басының шығынға ұшырау фактілері де кездесті. Мұның себебі бұл колхозда өткен жылы қоғамдық малдың берік

Алайда, өткен жылғы бұл кемшіліктерден колхоз басшылары қорытынды шығармай отыр. Мұнда шөп шабуға әзірлік жұмыстары қолға да алынған жоқ. Қолда бар шөп шабатын машиналар, мен тыр-

қажетті адамдармен толықтырылмаған. «Смычка», «Дружина» колхоздарында да шөп шабатын машиналар мен құрал-саймандарды жөндеу әлі аяқталмай отыр. Бұл колхоздарда шабындық жерлерді күту, оның шөбінің бітік шығуын қамтамасыз ету ісі мүлде ұмыт қалған. Тіпті шабындық жерлерге мал жаюға дейін жол берілген. Мұндай жағдайда шабындықтан алынатын өнімнің азаятындығы кімге адам да мәлім.

Мал азығының берік қорын жасау үшін аудандық ауылшаруашылық бөлімінің колхоздарға жасап отырған басшылығы мүлде қанағаттанғысыз. Ондағылар басшылықты тек қатнас-қағаздар жіберумен ғана тындырады. Керек десе, сод қатнасқағаз арқылы берілген нұсқауларының орындалуын да қадағалап, тексеріп отырмайды.

Жемшөп дайындау ауыл шаруашылығындағы күрделі жұмыстардың бірі. Қоғамдық мал басын есіріп, оның өнімділігін арттыру міндетінің мінсіз жүзеге асырылуы, бұл міндеттің ойдағыдай шешілуі көп реттерде жемшөп қорының мол болуына тікелей байланысты. Олай болса, жұмыстың мұндай маңызды саласында орын алған елеулі кемшіліктерге бұдан әрі тіпті де төзуге болмайды. Сондықтан шөп шабуға әзірліктегі кемшіліктерді дереу жойып, шөп шабуға ұйымдасқан түрде кірісіп, оны табысты аяқтауды, мал азығының берік қорын жасауды қамтамасыз ету аудан және колхоз басшыларының бүгінгі таңдағы маңызды міндеті.

Ғ. МОЛДАҒАЛИЕВ.

Халықтық демократия елдерінде



Болгарияда орыс

тілін үйрену

СОФИЯ, 31 май (СОТА). Болгария Халық Республикасында орыс тілін үйрену жөніндегі курстарда оқу жылы аяқталып келеді.

Софияда орыс тілінің курстарында сабақ аяқталуға жуық. Үстіміздегі жылы астанада 1134 курс жұмыс істеп, оларда 14391 адам орыс тілін үйренді.

25 майда Хасков округінде орыс тілінің 215 курсы өзінің жұмысын аяқтады. Бұларда үстіміздегі жылы 3300 адам оқыған.

Габрово қаласында үйірмелерде сабақ аяқталғаннан кейін оқытушылар мен тыңдаушылардың кеңесі өткізілді. Көптеген тыңдаушылар өздерінің сөйлеген сөздерінде үйірмелерде болған сабақтар оларды орыс әдебиетін орыс тілінде оқуға қалай даярлағандығы туралы айтқан.

Жүздеген жұмысшылар совет кітаптары мен кітапшаларын оқып, совет адамдарының озат жұмыс әдістерімен танысуда, оларды өздерінің жұмыстарында қолдануда.

### Шанхайдағы құрылыстан

ШАНХАЙ, 1 июнь (СОТА). «Синь-вэньжибао» газеті Шанхайда күрделі құрылыстардың кең етек алғандығын хабарлайды. Жаңа құрылыстардың ішінде—фабрика және завод корпустары, тұрғын үйлер оқу және емдеу орындары үшін, үйлер, порт және қоймаларға арналған үйлер бар.

Майда, деп жазады газет, 76 құрылыс алаңында жұмыс бірден өріс алды. Үстіміздегі жылдың құрылыс жұмыстарында жаңа институттар мен мектептер құрылысына ерекше назар аударылуда. Осы жылы қалада 28 орта мектеп жаңадан салынып, кеңейтілетін болады.

Шанхай еңбекшілері үшін де жаңа тұрғын үйлердің корпустары салынуда. Июнь айында аяқталатын 20 мың пәтерден басқа жұмысшылар мен қызметшілер үшін тағы да 6 мың пәтерлік үй салу құрылысы басталады.

### Дрезденнің қалпына

келтірілуі

хоздарда да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Мәселен, Совет ауданындағы Каганович атындағы колхозда кәзірдің өзінде 200 гектардан астам пар жыртылған. Бұл шаруашылықтарда пар жыртуға тракторлар толық қуатымен пайдаланылады, тракторшылар сменалық тапсырмаларын мұткісіз орындан жүр.

Дегенмен, пар жырту облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында ойдағыдай жүргізілуде деп айта алмаймыз. Облысты түгел алғанда, пар жыртудың жайы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Пар жыртудың қолайлы мерзімінің өтіп барып жатқанына қарамастан облыстың көптеген МТС-тері, колхоздары мен совхоздары бұл жұмысқа әлі күнге дейін кіріскен де жоқ. Бейбір аудан, колхоз бен совхоз басшылары пар егіс жұмыстарымен қарбалас келгендіктен жыртылмай отыр, деп дәлелдеуге тырысады. Бұл мүлде дұрыс емес. Қай ауданда, қай МТС-те, колхоз бен совхозда болсын пар жыртуды егіс жұмыстарымен қатар жүргізуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Бірқатар МТС-те, колхоздар мен совхоздарда қамқорлықтың жоқтығынан мұндай күш-мүмкіншіліктер пар жыртуға күні бүгінге дейін қосылмай келеді. Мұндай шаруашылықтарда трактор және ат плугтері егіс басталғаннан бері жұмысқа пайдаланылмай босқа тұр.

Пар жырту Октябрь, Мамлют, Преснов, Ленин, Приешім, Соколов аудандарының көп колхоздары мен МТС-терінде күні бүгінге дейін басталған жоқ. Атап айту керек, бұл аудандарда былтыр пар және зябь жырту жұмыстары нашар жүргізілді. Үстіміздегі жылдың көктемгі егісіне жер өте аз дайындалды. Ал, мұның ақыры неге әкелін соқты? Ол аталған аудандардың

гінде сағаттық график, стахановтық маршрут сыяқты озат әдістерді кеңінен қолдану, алдыңғы қатарлы тәжірибені көптің игілігіне айналдыру керек. Мұндай шараларды жүзеге асыру жергілікті партия ұйымдарының төл ісі болып саналады.

Пар тез және сапалы жыртылуға тиіс. Барлық шаруашылықта пар қосымша түрлері бар плугтермен 22 сантиметр тереңдіктен кем жыртылмауы керек. Парды терең жыртумен іс бітпейді. Сондықтан жыртылысымен тырмаланып, тыңғылықты күтіліп-бапталуға тиіс. Парды күтіп-баптау жұмыстары бүкіл жаз бойына үздіксіз жүргізіледі. Тек осы жағдайда ғана пар жыртылған жерлерден мол өнім алуға болады. Бұл жөнінде агрономдар зор роль атқарады. Олар трактор және егіс бригадаларында жиі болып, пардың агротехникалық талаптар дәрежесінде сапалы жыртылуына жетісуге тиіс.

Партияның XIX съезі бесінші бесжылдықта барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру міндетін алға қойды. Мұндай аса күрделі міндетті аброймен жүзеге асыруда пар жыртуды табысты өткізудің маңызы ерекше зор. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары техника қуаты мен еңбек резервтерін тиімді пайдалана отырып, быыл пар жырту жоспарының әрбір колхоз бен совхозда агротехникалық қолайлы мерзімде толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Өйткені, пар жырту жоспарын ойдағыдай орындау облысымыздың егіншіліктің мәдениетін онан сайын көтерін, бесінші бесжылдықта егін өнімін арттыру жөніндегі алға қойылған күрделі міндеттерді мінсіз орындауға қолайлы жағдай тудырады.

## Халықтарға — бейбітшілік, балаларға — өмір мен бақыт

### МОСКВА ӘЙЕЛДЕРІ АКТИВІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ

Бірінші июньде ССРО-ның Ленин орденді Мемлекеттік академиялық Үлкен театрының филиалында астана әйелдер активі, халық ағарту қызметкерлері мен пионер қызметкерлері жыйналды. Залда — стахановшылар, ғалымдар, әдебиет пен искусствоның қайраткерлері, оқытушылар, пионер вожатыйлары отыр. Мұнда құрметті атақ «Батыр ана», «Ана даңқы» ордендерімен және «Ана медалімен» наградталған әйелдер — аналар бар.

РСФСР халық ағарту министрінің орынбасары Л. В. Дубровина өзінің баяндамасында Коммунистік партия мен Совет үкметінің балаларға аталық қамқорлық көрсетіп отырғандығын бейнелейтін фактілер келтірді. Біздің еліміздей балаларды жаппай халықтың сүйіспеншілік пен құрмет-қошеметке бөлеп отырған Қытай Халық Республикасы туралы және халықтық демократия елдері туралы айтты.

Капиталистік, отар және жартылай отар елдердегі еңбекшілердің үй іштері мен балаларының тұрмысы басқаша.

### ХАЛЫҚ АҒАRTУ ЖӘНЕ ПИОНЕР ЖЫНАЛЫСЫ

Оларда балалық жоқ. Оларда келешекте білім алу туралы үміт те жоқ. Мектептер өте аз, мектеп үйлері тозған, оқуға төленетін ақы өте қымбат.


Баяндамашы бейбітшілікті сақтап барып, балалардың бақытын, оларға жақсы тұрмысты қамтамасыз етуге болатындығын атап көрсетті.

Жыйналыста сөйлегендер бейбітшілік үшін, әртүрлі елдердің миллиондаған жас адамдарының бақытты балалық шақтары үшін күресудің қажеттігін айтты.

Өткен жылы Венада болған балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясында бүкіл дүниежүзі елдерінің ерлері мен әйелдеріне арналған Үндеу «бейбітшілік пен балалардың бақыты тығыз байланысты» деген сөздермен аяқталады.

Бейбітшілік пен балалар бақытын бірімен бірін айыруға болмайды! Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің председателі жазушы Николай Тихонов өзінің сөйлеген сөзінде осылай деп мәлімдеді.

лы, жарық қоралармен де толық қамтамасыз етілмеді. Осының салдарынан мұндай қысқы күтімі нашар ұйымдастырылды.



Ұзынкөл совхозында жемшөп дайындау жұмысы кеңінен өрістей түсті. СУРЕТТЕ: тракторшы А. Ротман және кең алымды шөп машинасының машинисі П. Кузьмин норма бойынша 20 гектардың орнына күніне 25—30 гектардан шөп шауып жүр.

## Бесінші бесжылдықтың озаттары

### МЕТАЛЛ ҚҰЮДЫҢ ШЕБЕРІ

өзгертіп қайта жасауға немесе кішігірім кемшіліктерін қайта түзей қоюға болатын, ал, балқыған металды үлгіге дәлдеп құя алмасаң, онда құйылып шыққан бөлшекте ақау кетуі сөзсіз. Алғашқы күндерде жасалған кейбір бөлшектер жарамсыз болып, Досанның жұмысы сәтсіздікке шығып жүрді.

Бірақ сәтсіздікке мойып, жігерсіздену совет адамдарына жат қасиет. Ол өзінің білмегендерін әр уақытта сұрап біліп, мамандығын тынбай жетілдіру арқылы қыйыншылықтарды жеңе де, сәтсіздіктен арыла да білді. Сөйтіп, ол таңдап алған мамандығын меңгерді. Досан осы мамандықта 9 жылдан бері істеп келеді.

...Екінші сменаның жұмысы басталуға жарты-ақ сағаттай уақыт қалған. Осы кезде жолдастарымен бірге Досан да келіп, смена басталғанға дейін жұмыс орнын дайындауға кірісті, қажетті құрал-саймандарды тәртіптеп, орны-орнына қойды. Мұнан кейін ол жасаулы тұрған үлгілерді тексеріп, түзулігін байқады.

Цехта жіңішке екі рельефті жол бар. Оларға үлгілер тиелген қалыптар орналастырылған. Бұларды конвейер қалыптары деп атайды. Міне, Досан өзінің серігі Василий Ларинмен бірлесіп, екі жағында екі кісі көтеретін тұтқасы бар шелекке вагран пешінде балқып тұрған металды ағызып алып, осы конвейердегі қалыптарға құя бастады.

Қызулықтан жан жағына қып-қы-

зды қыйыншылыққа кездесетіндігі сөзсіз. Мұны колхоз басшылары жете ескеріп, қысқы өзірлікті осы бастан жасаулары керек. **Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.**

БЕРЛИН, 1 июнь (СОТА). «Форвартс» газетінің хабарына қарағанда, 31 майда Дрезденде соғыс аяқталар қарсаңында американдық бомбардировщиктері қыйратқан қаланың орталық бөлімін қалпына келтіру жөнінде үлкен жұмыс басталды. Құрылыс жұмыстарына қаланың он мыңдаған еңбекшілері қатысуда.

Құрылыс жұмысының басталуына арналып шақырылған митингте Германияның біртұтас социалистер партиясының Орталық Комитетінің бас секретары Вальтер Ульбрих сөз сөйледі. Ол қаланың тұрғын адамдарын қаланы қалпына келтіру жұмысына белсене қатысуға шақырды.

### Польшада егін орағына

#### дайындық

ВАРШАВА, 1 июнь. (СОТА). Польшада егін орағы машиналары мен құрал-саймандарды жөндеу жұмысын мерзімінен бұрын аяқтау науқаны қыза түсті. МТС-тер кәзірдің өзінде-ақ дән соққыш және бау байлағыштардың, комбайндардың көпшілігін жөндеп бітірді. Егін орағының басқа машиналарын 20 июньге дейін жөндеп бітіру ұйғарылып отыр. 1 июльге дейін молотилкалар және оларға қосымша двигательдерді жөндеу аяқталатын болады. Әсіресе, машиналардың сапалы жөнделуіне ерекше назар аударылуда.

Үлгіге металл құю — өте жауапты іс. Металды үлгіге артық та, кем де құюға болмайды. Мұндағы негізгі шарт бөлшекті жасау үшін қанша металл қажет болса, дәл сол мөлшерде құйылған болуы керек. Бұл үшін кездің дәлме-дәлдігі, қолдың асқан шеберлігі керек. Бұл қасиеттер Мұқановта бар. Мұқановтың жұмыс үстіндегі қыймылы, жұмыс уақытының әрбір минутын өнімді пайдалана білуі, әрбір операцияны орындаудағы оның ұқыптылығы қалыптасып өскен, алдыңғы қатарлы жұмысшы екендігін аңғартады.

Цехтың бір қабырғасында көрсеткіш тақта тұр. Онда көптеген жұмысшылардың фамилиясы бар. Ал, Досанның фамилиясының тұсында 250 — 280 — 300 деген күннен күнге өсеткен цифрлар жазылған. Бұлар — Досанның өндірістік тапсырманы орындаудағы күнбе-күнгі көрсеткіші.

Досанның бүгінгі жұмысының көрсеткіші қандай болар екен? — деп сұрадық біз мастерден.

— Бүгінгі жұмыстың қорытындысы әлі шығарылған жоқ. Бірақ оның көрсеткіші 280 проценттен кем болмайды, — дегенді сеніммен айтты ол.

Досан Мұқанов жұмысшылардың арасында өзінің адал еңбегімен құрмет-қошеметке бөленген стахановшы. Мұқанов жолдас кәзіргі бесінші бесжылдықтың тапсырмасын аяқтау үшін күресуде.

Міне, кешегі жас бала, бүгінгі қарапайым совет жұмысшысының осу жолы осындай. Оның болашағы бұдан да жарқын, бұдан да қызғылықты.

Р. УӘЛИЕВ.

# Коммунизмнің ұлы ісі жолындағы жалынды күрескер

(М. И. Калининнің қайтыс болғанына 7 жыл толуына)

«Коммунизм жұмысы табының өмірі мен күресіне терең мән беріп, байытты және толықтырды. Міне, бұл адам өмірдің ауыр жолынан өтті, деп мен жайында айтқанда,—бұл маған, шынымды айтайын, тіпті ұнамайды. Егер адам коммунистік көзқарасты игерген болса, онда бұл көзқарас оның өміріне аса бай мән беретіндігі соншалық, бұл өмір ауыр болып көрінбейді, қайта бай өмір болып көрінеді және ең бастысы,—бұл өмірдің аса қыйын кезеңдердің өзінде де шексіз тамаша екендігін өзін де сезесің». Бұл сөздер —коммунизм жолындағы жалынды күрескер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері Михаил Иванович Калининнің сөздері.

Ленин мен Сталиннің сенімді шәкірті және серігі — М. И. Калинин өзінің бүкіл өмірін халықтың бақыты жолындағы, Отанымыздың сәулетті болашағы жолындағы күреске жұмсады. Ол самодержавиелік Россия жағдайында профессионал-революционер өмірінің барлық ауыртықтары мен таршылықтарына ерлікпен төзді. Ешнәрсе депатша охранкасының қатал қудалауы да, түрме де, жер аудару да—оның жауынгерлік революциялық рухын мұқата алмады, жұмысшы табы ісінің сөзсіз салтанат құратындығына сенген шексіз сенімін тұшпықтыра алмады.

Ұлы орыс халқының даңқты ұлы М. И. Калининнің 1946 жылғы 3 июльде жүрегінің соғуы тоқтағанын бері жеті жыл өтті. Бірақ коммунизм жолындағы осы қатты күрескердің сәулетті бейнесі совет халқының есінде өмір сүріп келеді және мәңгі өмір сүре береді. М. И. Калинин өмірінің өнегесі миллиондар үшін үлгі болып қызмет етеді. Коммунистік партияның ұлы ісі үшін күш-жігерін және өмірін де аямай жұмсау, батылдықпен, ерлікпен күресуге үйретеді.

Бұрынғы Тверь губерниясы шаруасының баласы М. И. Калинин жас шағында ақ жоқшылықтың ауыр азабын басына көшіріп, Петербургтегі «Старый арсенал» заводында, ал одан кейін Путилов заводында жұмыс істей бастады. Ленинмен және Сталинмен бірге жаңа тұрпаттағы партияны, пролетариаттың жауынгерлік партиясын құрған орыстың бірінші рево-

люционерінің жоғарғы органын үздіксіз басқарып келді, өзінің барлық тәжірибесін, білімін, қайнаған жігерін социалистік Отанның қуаттылығын нығайту, жұмысшылар мен шаруалардың одағын орнықтыру,



селолық Совет секретарының алдында тұрған нақты міндеттерге дейін —үлкенді-кішілі мәселе туралы еркін сөйлесетін еді. Өзінің орасан көп сөздерінде, әңгімелерінде, баспасөзде басылған хаттары мен мақалаларында М. И. Калинин марксистік-лениндік теорияны меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге оны күнделікті өмірде творчестволықпен қолдануға шақырды. «...Марксизмді үйрену — Маркстің, Энгельстің және Лениннің шығармаларын оқу деген ғана сөз емес; сіз олардың шығармаларын басынан аяғына дейін оқып шыға аласыз; сіз олардың жазыған ойларын тект бойынша айта аласыз; бірақ бұл сіздің марксизмді үйренгеніңіз болып шықпайды. Марксизмді үйрену —марксистік әдісті меңгеріп, өз жұмысымен байланысты барлық басқа мәселелерді айыра білу деген сөз», деп үйреткен болатын Калинин жолдас.

М. И. Калинин еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне орасан зор көңіл бөліп, бұл істі Совет мемлекетінің қуаттылығын үздіксіз арттыру жолындағы күреспен тығыз байланыстырды.

Москва қаласының партия активінің жыйналысында сөйлеген сөзінде Михаил Иванович мынаны атап көрсеткен болатын: коммунистік тәрбиенің бөлінбейтін біртұтас белгілері өнімнің саны жөнінде болсын, сондай-ақ оның сапасы жөнінде болсын жоғары еңбек өнімділігі үшін социалистік меншікке ұқыпты қарау, советтік патриотизмді дамыту, коллективтік әдісті практикалық өмірге енгізу, жалпы мәдениеттілікті арттыру үшін күресу болып табылады.

М. И. Калинин совет адамдарын өз Отанын жанындай жақсы көруге, жалынхалықтық, мемлекеттік мүдделерді жеке мүдделерден жоғары санауға, еңбекшілердің дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің бақыты үшін қандай құрбандыққа болса да әзір тұруға үйретті.

Өзінің барлық күшін коммунизм жолындағы күреске жұмсаған М. И. Калининнің бүкіл өмірі Отанға жан-тәнімен беріліп қызмет етудің өнегесі болып табылады. Өзінің ауыр науқасына қарамастан, ол Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің жауынгерлік қызметіне болып, өз

## Еңбек резерві мектебі

СОКП-ның XIX съезі өзінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының үздіксіз өсіп, халқымыздың әл-ауқатының жақсаруын жоспарлап отыр. Жаңа сталиндік бесінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыру үшін маман кадрлар керек. Мұндай кадрлардың бір бөлегі еңбек резерві жүйесіндегі оқу орындарында даярланады.

Өткен 1952 оқу жылында облысымыздың еңбек резерві мектебін 600 адам бітіріп, әртүрлі мамандық алды. Үстіміздегі жылы еңбек резерві мектебін 400 адам бітіргелі отыр.

Еңбек резерві мектебіне түсіп оқушылардың саны жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл мектепті бітіргендердің көпшілігі коммунизмнің ұлы құрылыстарында, шахталар мен фабрикаларда және басқа өндіріс орындарында Отан игілігі үшін аянбай еңбек етуде.

Осындай жас жұмысшының бірі слесарь Трушников жолдас. Ол фабрика-завод мектебін бітіргеннен кейін паровоз депосында жұмыс істеп, жылдық тапсырмасын орта есеппен алғанда 250 проценттен орындап, бір жыл 11 айдың ішінде бесжылдық жоспарын орындап шықты. Осы мектепті бітірген Киров атындағы заводтың слесарі Маслов жолдас та сменалық нормасын 250 проценттен орындайды. Мұндай адамдар облыс кәсіпорындарында көптеп саналады.

Фабрика-завод мектебі, қолөнер және темір жол училищесі еңбек резервтерінің Солтүстік Қазақстан облыстық

басқармасы темір жол мен транспортқа, машина жасайтын өндіріс орындарына және басқа да заводтарда жұмыс істеу үшін маман жұмысшылар даярлайды. Олар бұл мектептерден слесарь, токарь, мастер, фрезеровщик және басқа толып жатқан мамандықтар алады.

Мектепте өндірістегі тәжірибесі мол, мастерлер сабақ береді. Оқу кабинеттерінде мен мастерскойлар жыл сайын жаңа құрал-саймандармен жабдықталып отырады. Мұнда оқушы өндірістің негізімен танысып, алған теориялық білімімен мұғалімнің басқаруымен өз бетінше тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Мектепті бітіргенде тиісті мамандығы мен разряды жазылған аттестат алып, сол мамандығы бойынша өндіріс орындары мен мекемелерге жұмысқа жіберіледі.

Еңбек резерві мектебінде оқушылар толық мемлекет қамтуында болып кнім, тағам, жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың оқуы үшін барлық жағдай жасалған. Мектепте көркемөнер үйірмесі және басқа үйірмелер жұмыс істейді. Өндіріс орындарында практикада болған күндері үшін оқушыларға еңбекақы төленеді. Мектепке жаңадан оқушылар алу үстіміздегі жылдың бірінші ионінен басталады.

А. ПОТАНИН,

Еңбек резерві басқармасының облысаралық жұмысшы күшін пайдалануды бақылау жөніндегі инспекторы.

## Балалар паркі ашылды

31 май күні халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында қаладағы балалар паркі ашылды. Мұнда балалардың жақсы дем алып, ойнап, жазғы демалыстарын көңілді өткізу үшін барлық жағдайлар жасалған. Парктің кіреберісіндегі аллеяны бойлай Совет Одағының Батырлары: Олег Кошевой, Ульяна Громова, Сергей Тюленин және басқа краснодондықтардың суреттері ілінген.

Парк ортасындағы кішкене алаңдағы Пушкиннің «Балықшы мен алтын балық» туралы және басқа халық ертегілерінен алынып салынған суреттер анадайдан көз тартады. Мемлекет балалар паркін жабдықтау жұмысына 30 мың сом қаржы жұмсады. Паркте кітапхана бар. Онда балалар жаңа газет, журналдар, балалар әдебиеттерін оқыяды.

Б. МАРЛИН.

## Мектеп алаңы көгалдандырылды

Чириковка жетіжылдық мектебінің (Приешім ауданы) үй іргесіндегі участокта жидек-жеміс бақшасын жасау жөнінде екі жылдан бері қызу жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы 30 түп алма, 50 түп шие, 80 түп ұсақ шие, 300 түп қарақат, мойыл ағаштары отырғызылған болатын. Бұл ағаштардың барлығы жақсы өсіп келеді.

Үстіміздегі жылы бақшадағы ағаштар әлде қайда көбейді. Көктемде жаңадан ондаған түп жидек-жеміс ағаштары отырғызылып, оқушыларды жер шаруашылығының негіздерімен таныстыру үшін мектеп іргесіндегі участокте 10 танапты ауыспалы егіс егілді. Үстіміздегі жылы мұнда шанақты бидай егілді.

### ЖАҚСЫ БАҒАЛАР АЛУДА

Қаладағы барлық мектептер сыяқты Киров атындағы № 2 орта мектептің оқушылары да бұл күндері сын мен емтиханды ойдағыдай тапсыруда.

Жуырда V-класстың оқушылары арифметикадан болған жазбаша сын жұмы-

### ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН

Қаладағы фельдшерлік- акушерлік мектептің бірінші курстарында жазғы сынақ басталды. Сынақты мектептің оқушылары үлкен әзірлік үстінде қарсы алды. Комсомол, кәсіподақ ұйымдары жазғы емтиханға әзірлік жөнінде

## Бейбітшілік Шарты үшін!

ПАРИЖ, 1 июнь (СОТА). Францияда бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі қабылдаған қарарларды қолдауға бағытталған қозғалыс барған сайын өрістей түсуде. «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, көптеген қалалар мен елді пункттердің муниципалдық советтері даулы мәселелерді бейбітшілік жолмен шешу мақсатымен ұлы мемлекеттер өкілдерінің кеңесін шақырды. Корея мен Индо-Қытайдағы соғысты тоқтатуды жақтап, Бонн мен Париж соғыс договорларын француз парламентінің ратификациялауына қарсы шыққан. Кеңесшілер — коммунистердің ұсынысы бойынша, Шер департаментінің бас советі бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасуды талап еткен қарар қабылдаған. Осы енгізілген ұсынысқа коммунистермен бірге кеңесшілер, социалистер, радикалдар, «тәуелсіздер» және католик партиясының мүшелері де дауыс берген.

Жуырда француз әйелдерінің делегациясы Ұлттық жыйналысқа келген. Келген делегацияның ішінде ұлдары Вьетнам Демократиялық Республикасына қарсы соғыста оққа ұшқан аналар бар. Делегацияны депутат әйел Мадлена Марзен қабылдап, ол коммунистердің парламенттік тобы атынан Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату үшін коммунистік партияның бұдан былай да күресетіндігіне француз әйелдерін сендірген.

МРП және РПФ социалистерінің парламенттік топтары бұл делегацияны қабылдаудан бас тартқан.

### КОРЕЯДА УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІССӨЗДЕР ЖАЙЫНДА.

ПЕКИН, (СОТА). Синьхуа агентігінің тілшісі Кэсоннан мынандай хабарлады: бүгін Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы төмендегі мазмұндамады жариялады:

31 майда Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының басшысы генерал Нам И байланыстың аға офицері арқылы басқа жаққа екі жақтың толық құрамы делегацияларының мәжілістеріне тағы да үш күнге үзіліс жасауға, сөйтіп, келіссөздерді төртінші июльде күндізгі сағат 11-де қайта бастауға ұсыныс жасады. Басқа жақтың байланыс аға офицері өз делегациясы басшысының тапсыруы бойынша бұл ұсыныспен келісті

### Кореядағы оқығалар ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 1 июнь (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиесі

люционер-жұмысшыларының бірі — Калининнің революциялық қызметінің басталуы дәл осы дәуірмен байланысты. Ол тұңғыш марксистік үйірмелердің, Лениндік «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағының» жұмысына белсенді қатысушы болды, Ленинмен және Сталинмен бірге «Правда» газетін құрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеп, жүзеге асырғандардың бірі болды.

1899 жылдан 1916 жылға дейін М. И. Калининді патша охранкасы он төрт рет тұтқына алды, бірақ түрмелер мен жер аударулар оның күрес пен жеңіске деген жігерін шынықтыра түсті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін М. И. Калинин Советтердің жас республикасын орнатушы аса көрнекті адамдардың бірі болды. 1919 жылы Я. М. Свердлов қайтыс болғаннан кейін ол В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі болып сайланды.

М. И. Калинин 27 жыл бойы Совет мем-

мылдырушы жауынгерлік ұран болып етіледі: «Кәзіргі уақытта социализмді нығайту және коммунизм орнату ең прогрестік міндет болып табылады. Бұл міндетті прогрестік екендігі совет адамдарына ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне де айқын. Осы міндетті орындау үшін ең алдымен Советтер Елінің экономикалық және соғыс қуатын барыпша нығайту қажет».

М. И. Калинин мыңдаған адамдармен кездесті. Оның қабылдау бөлімінде Совет Одағының барлық түкпір-түкпірлерінен келген әртүрлі ұлттардың өкілдерін көруге болатын еді. Міне, осылардың бәрімен — мейлі жұмысшы немесе колхозды селонның еңбекшісі болсын, Совет Армиясының жауынгері немесе дәрігер болсын, ғалым немесе мектеп оқушысы, искусство қайраткері немесе партия қызметкері болсын — осылардың бәрімен М. И. Калинин партияның саясаты мен халықаралық проблемалардың аса маңызды мәселелерінен бастап, мектептегі комсомол қызметкерінің немесе

нің жалынды патриоттық сөздерімен миллиондардың жүрегіне жеңіске жетуге ұмтылған мызғымас берік жігер берді, соғыстың фэшистік басқыншыларды толық талқандаумен аяқталатындығына берік сенім туғызып отырды.

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін М. И. Калинин Совет мемлекетінің экономикасы мен мәдениетін қалпына келтіріп, онан әрі өркендету жолындағы белсенді күреске орасан зор жігермен кірісті. Шын пролетарлық интернационалист болғандықтан ол барлық елдердің халықтары арасында бейбітшілік пен достықты нығайтуға шақырып келді.

Совет адамдары социалистік Отанның жалынды патриоты М. И. Калининнің есімін қасиетпен есте тұтуда. Коммунистік партияның осы адал ұлының жарқын бейнесі совет адамдарын коммунизм жолындағы күресте, Михаил Иванович өзінің бүкіл өмірін, өзінің таланты мен сарқылмас мол жігерін жұмсаған күресте үсті-үстіне жаңа ерлік істер істеуге рухтандырады.

ликалық газеттердің тарауы мүлдем жеткіліксіз. Белгіленген лимит (екінші жарты жылдыққа) «Ленинское знамя» газетінен небары 20 процент, «Ленин туы» нан 30 процент қана орындалып отыр.

Облыста республикалық жастар газетінің таратылуы өте кем. Бұл жөнінде аудандық комсомол комитеттері жастар арасында ұйымдастыру түсінік жұмыстарын жеткілікті жүргізе алмай келеді. Сондықтан «Ленинское знамя», «Лениншіл жас» газеттерін тарату жөніндегі берілген лимиттің тең жартысы орындалмай отыр. Комсомол ұйымдары жастар арасында баспасөзді көбірек тарату арқылы саяси бұқаралық жұмысты күшейтетін болулары керек.

Айта кету қажет, кейбір коммунистер мен басшы қызметкерлер газет, журналдарға жазылуда бұқараға үлгі бола алмай жүр. «Путь к коммунизму» колхозы (Полудень ауданы) партия ұйымындағы 6 коммунистен небары екі-ақ адам газет алдырып оқыды. Осы колхозда газет алдырып оқымайтындардың ішінде колхоз председателі коммунист Пилипенко жолдас та бар. Партия ұйымының мұндай фактілерге төзін отыруына таңымыз бар.

Партия ұйымдары байланыс орындарының жұмысына басшылықты және көмекті күшейту арқылы қала мен ауыл-селода газет, журналдардың көптеп таратылуына жетісулері керек. Баспасөз тарату саяси маңызы зор жұмыс. Мұны әрқашан есте ұстауымыз қажет.

**В. ДОЛГАНОВ,**

**ҚКП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.**

## Газет, журналдарды көптеп таратайық

Еңбекшілер бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеуде советтік баспасөздің орасан зор маңызы бар. Ол бұқараға марксизмнің -ленинизмнің жеңімпаз идеясын таратады, партия мен үкметтің саясатын түсіндіреді. Сөйтіп, еңбекшілерді коммунистік қоғам орнату күресіне жұмылдырады. Партия баспасөз арқылы жұмысшылармен, шаруалармен және еңбек интеллигенциясымен күн сайын, сағат сайын байланыс жасап отырады.

Міне сондықтан да біздің адамдарымыз баспасөздің басқа түрлері сияқты газеттер мен журналдардың әрбір жаңа сандарының жергілікті жерлерге жетуін асыға күтіп, оларды сүйсіне оқыды. Олар елімізде сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жылының таңеңірмаларының орындалуының барысын, ғылым мен техниканың жаңалықтарын, СОРО-ның ішкі және халықаралық жағдайы біледі. Еңбекшілердің советтік баспасөзге деген рухани тілектерінің шексіз өскендігін біздің облысымыздың өмірінен-ақ айқын көруге болады.

Облыста осы жылдың алғашқы жартысында баспасөз тарату жұмысы ұйымдасқан түрде өтті. Көптеген газеттер мен журналдарға белгіленген лимиттер артығымен орындалды. Бірсыпыра аудандарда бір емес, бірнеше газет, журналдар алдырып оқытын шаруаларды, жұмысшыларды көптеп көресіз.

Кәзір советтік баспасөздің зор маңызын жоғары бағалаған партия ұйымдары еңбекшілердің екінші жарты жылдыққа газет, журналдарға көптеп жазылуына қамқорлық жасауда. Партия ұйымдары бай-

ланыс орындарының жұмыстарына басшылық пен талапты күшейтіп, баспасөз тарату жөніндегі міндеттің ойдағыдай жүзеге асыруын ұйымдастыруда. Бірақ, бұл жұмыста қол жеткен біраз табыстарымыз елеулі кемшіліктердің бетін бүркей алмайды.

Кейбір бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері советтік баспасөзді тарату ісіне әлі де болса немқатір қарайды, бұл жөнінде байланыс орындарының қызметкерлеріне қатаң талап қоймайды. Осының салдарынан қалалық, ауыл-селолық шеңберде газеттер мен журналдарға жазылу мерзімі өткен, немесе жаңадан жазылғысы келген адамдар газет, журналдарға жазылудан тыс қалып отыр. Мысалы, Көнөхов ауданында бірінші жарты жылдыққа баспасөз таратудың лимиті орындалмады. Осылай бола тұрса да, аудандық партия комитеті мен «союзнечаттығы» бөлімшесі екінші жарты жылдыққа істің жайын жақсарту жөнінде ешбір өзгеріс жасаған жоқ. Ауданда жүздеген дана облыстық және аудандық газеттердің таратылмауын тек осыдан, атап айтқанда, баспасөз тарату ісіне жауапсыз қарағандықтан деп түсінуге болады.

Совет ауданында да баспасөз тарату ісі ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Мұнда 260 дана «Ленин туы», 300 дана «Ленинское знамя» және жүздеген дана аудандық газеттер таратылған жоқ. Газет тарату ісі Октябрь, Преснов аудандарында да баяу жүргізілуде. Бұл аудандарда бірінші жарты жылдыққа газет, журналдарға жазылғандардың 40 процентінің, жазылу мерзімдері өткелі отыр.

Осы сияқты қалада облыстық, респуб-

ликалық газеттердің тарауы мүлдем жеткіліксіз. Белгіленген лимит (екінші жарты жылдыққа) «Ленинское знамя» газетінен небары 20 процент, «Ленин туы» нан 30 процент қана орындалып отыр.

Облыста республикалық жастар газетінің таратылуы өте кем. Бұл жөнінде аудандық комсомол комитеттері жастар арасында ұйымдастыру түсінік жұмыстарын жеткілікті жүргізе алмай келеді. Сондықтан «Ленинское знамя», «Лениншіл жас» газеттерін тарату жөніндегі берілген лимиттің тең жартысы орындалмай отыр. Комсомол ұйымдары жастар арасында баспасөзді көбірек тарату арқылы саяси бұқаралық жұмысты күшейтетін болулары керек.

Айта кету қажет, кейбір коммунистер мен басшы қызметкерлер газет, журналдарға жазылуда бұқараға үлгі бола алмай жүр. «Путь к коммунизму» колхозы (Полудень ауданы) партия ұйымындағы 6 коммунистен небары екі-ақ адам газет алдырып оқыды. Осы колхозда газет алдырып оқымайтындардың ішінде колхоз председателі коммунист Пилипенко жолдас та бар. Партия ұйымының мұндай фактілерге төзін отыруына таңымыз бар.

Партия ұйымдары байланыс орындарының жұмысына басшылықты және көмекті күшейту арқылы қала мен ауыл-селода газет, журналдардың көптеп таратылуына жетісулері керек. Баспасөз тарату саяси маңызы зор жұмыс. Мұны әрқашан есте ұстауымыз қажет.

**В. ДОЛГАНОВ,**

**ҚКП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.**

мүның ішінен 29 оқушы жақсы, өте жақсы деген бағалар алды. Сол сияқты, басқа V кластар оқушыларының арифметикадан жазбаша тапсырған сын жұмыстары да ойдағыдай өтті.

## ТЕҢ ОЙЫН

«Электрик» стадионында «Электрик» командасы мен Молотов спорт клубы футболшыларының кездесуі болып өтті. Бірінші тайымда электриктіктер инициативаны өз қолдарына алып, шабуылға жиі шығып тұрды. Соның нәтижесінде Молотов спорт клубы футболшыларының қақпасына екі рет доп өткізді.

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Селоны радиоландыруға көңіл бөлмей отыр

Петропавл ауданындағы «Красный пахарь» колхозы өткен жылы колхозда радиоторабын орнату, колхозшылардың үйлерін радиоландыру жөнінде облыстық радио хабарларын тарату шартымен шарт жасасқан болатын. Колхозда радиоторабын салуға арналған қаржы колхоз председателі Овсянкиннің селоны радиоландыру жұмысына немқұрайды қарап, жете көңіл бөлмеуі салдарынан колхоздың басқа жабдықтарына жұмсалып кетті. Облыстық радио хабарларын тарату сеті мен «Красный пахарь» колхозы арасындағы селоны радиоландыру жөніндегі шарттың бірде-бір пункті күні бүгінге дейін орындалған жоқ.

Село еңбекшілері жұмыстан бос уақыттарында мәдениетті дем алып, өздерінің тұрғын үйлерінде Отан жүрегі — Москвадан, Алматыдан ән-күйлер, халықаралық жағдай және басқа хабарларды тыңдағысы келеді. Еңбекші-

лердің осы тілегіне Плосск селолық Советінің председателі Бекетаев пен колхоздың партия ұйымының секретары Кербер жолдасар да тиісті дәрежеде көңіл бөлмей отыр. Олар Овсянкиннен радиоторабын салуға қаржы бөліп, оны деркезінде жұмысқа қосуды талап ете алмай келеді.

Бұл жағдай Петропавл аудандық Совет атқоміне де белгілі. Облыстық радио хабарлар тарату сетінен атқомге Овсянкин жолдастың шартта алған міндеттемелерін орындамай жүргені туралы талай рет хабарлар да келіп түсіп жатты. Бірақ, аудан басшылары бұған құлақ асқан жоқ.

Колхозды селоны радиоландырып, колхозшыларды мәдениетті қамтуға аудандық атқару комитеті мен Плосск селолық Советі жете көңіл бөліп, колхозда радиоторабын салуды тезінен аяқтаса екен.

**Д. СИЛАНТЬЕВ.**

Откен күні барлық майдандарда ешқандай өзгеріс болған жоқ.

Бүгін біздің зенит бөлімдеріміз және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсіріп, екі самолетін зыяндады.

### КОРЕЙЛІКТЕРДІ ЖАПОНИЯДАН ОҢТҮСТІК КОРЕЯҒА КҮШПЕЙ КӨШІРУ

ПХЕНЬЯН, 1 июнь (СОТА). Ли Сын Ман тобы Иосида үкметімен тығыз байланыс жасай отырып, Жапонияда тұратын корейліктерді Оңтүстік Кореяға күшпен көшіру жұмысын жүргізуде. Кореяның Орталық телеграф агенттігі Пусанда шығатын реакцияшыл «Минчжу Синбо» газетінің жақында Пусанға Жапониядан 211 корейліктерді алып келген жапон кемесі «Хаядо-Марудын» келгендігін хабарлаған хабарын берді. Күшпен көшірілгендердің ішінде—142 ер, 69 әйел бар. Бұл, деп көрсетеді Кореяның Орталық телеграф агенттігі, Жапониядан Оңтүстік Кореяға күшпен көшірілген корейліктердің он сегізінші тобы.

Ресми берілген мәліметтерге сүйене отырып, «Минчжу Синбо» өткен жылдың 1 июлінен бастап, осы уақытқа дейін Жапониядан Оңтүстік Кореяға 1908 корейлік күшпен көшірілгендігін атап көрсетеді. Кореяның Орталық телеграф агенттігі бұл факті Ли Сын Ман мен Иосида Жапонияда тұратын корейліктерді корей соғысына зеңбірек жемі есебінде пайдалану жөніндегі өздерінің зұлымдық жоспарларын жүзеге асырып отырғандығын айқын көрсетеді деп жазады.

Редактордың орынбасары **Г. НҰРМОЛДИН.**

## Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАМБЫЛ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖӘРМЕНКЕДЕГІ ОҚЫЙҒА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«Ақбас» мал азығын даярлау совхозына тұрақты жұмысқа мал дәрігері, зоотехник, механик, тракторшылар, комбайншылар, токарлар, слесарьлар, қол шеберлері жұмысшылар және уақытша жұмысқа құрылысшы-техник КИРЕК.

Жұмыс жөнінде мына адреске келіп жолығу керек: Петропавл қаласы, Базарбаев атындағы көше, 90-үй, облыстық мал дайындау мекемесінің кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-38, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.